

**6D050900 “Қаржы” мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесіне іздену диссертациясына**

АҢДАТПА

ҚУАНОВА ЛАУРА АЙБОЛҚЫЗЫ

**ИСЛАМДЫҚ ҚАРЖЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ТИІМДІЛІГІ: ТЕОРИЯ
ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕНІҢ СҰРАҚТАРЫ**

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Соңғы екі онжылдықтағы қайталанып отырған қаржылық дағдарыстар, Covid-19 пандемиясын қоса алғанда, исламдық қаржы саласы дәстүрлі қаржы секторына қарағанда салыстырмалы түрде зардап шегуінің төмендігін көрсетті. Бұл факт дүние жүзі зерттеушілерінің исламдық қаржыландыруға өсіп келе жатқан академиялық қызығушылығын анықтап қана қоймай, сонымен қатар қызу пікірталастармен қатар жүруде. Себебі бірқатар сарапшылардың пікірінше, исламдық қаржы құралдары өзінің әлеуметтік табиғаты бойынша БҰҰ-ның 17 тұрақты даму мақсаттарын жүзеге асырудың ең тиімді құралдары болып табылады.

Бүгінгі таңда әлемнің барлық елдері пайда мен шығынды бөлісудің және нақты экономиканың дамуына жәрдемдесудің арнайы қағидаттарына негізделген исламдық қаржы индустриясының корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігін пайдалану мүмкіндігіне ие. Тереңдеп бара жатқан дағдарыстан шығудың балама жолдарын іздеуде зерттеушілер шарифаттың қағидаттарына негізделіп, моральдық заңдар мен тыйымдарды назардан тыс қалдырмай, адамның негізгі қажеттіліктерін қамтамасыз етуге арналған исламдық қаржыландыру мен ислам экономикасының артықшылықтарына назар аударуда. Ол тиімділіктердің арасында Қазақстан үшін капитал мен еңбектің бірлігі және ынтымақтастығына жағдай жасау арқылы әлеуметтік ынтымақ, қолайлы жалақы негізінде әлеуметтік әділеттілікке қол жеткізу, жұмыссыздықты жою басты тиімділіктер болуы мүмкін. Еліміздің осындай стратегиялық мақсаттарын Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаев бірнеше рет атап өткені белгілі.

Исламдық қаржыға тән әлеуметтік бағдарланған сипат, олардың әлемдегі қарқынды өсуі, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы исламдық қаржы индустриясының ашылмаған әлеуеті ұсынылып отырған диссертациялық зерттеудің өзектілігін айқындады. Өз кезегінде, Қазақстан халқының әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуде исламдық қаржылық индустриясының артықшылықтарын кеңінен пайдалану үшін исламдық қаржының әлеуметтік тиімділігін теориялық және методологиялық негіздеу және оларды елдің қаржы жүйесіне интеграциялау жөнінде практикалық ұсыныстар әзірлеу қажеттілігі туындады.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Диссертациялық жұмыстың мақсаты – исламдық қаржыландырудың әлеуметтік тиімділігінің теориялық және әдістемелік негіздерін зерттеу және исламдық қаржы құралдарын

Қазақстан Республикасының қаржы жүйесіне сәтті интеграциясы бойынша практикалық ұсыныстарды әзірлеу. Зерттеу мақсатына сәйкес келесі міндеттер қойылды:

- исламдық қаржыландырудың экономикалық құбылыс ретіндегі әлеуметтік мазмұны мен әлеуметтік функцияларын шариғат қағидаттары мен басқа да рухани мұсылмандық дереккөздерге сүйене отырып анықтаудың теориялық және әдістемелік тәсілдерін зерделеу және жинақтау;

- исламдық әлеуметтік қаржыландыру зекет, уақып, исламдық микро қаржыландырудың мазмұны мен функцияларын шет елдер тәжірибесі контекстінде нақтылау;

- шетелдік және отандық ғылыми дереккөздерге шолу жасау негізінде исламдық қаржының әлеуметтік тиімділігін бағалаудың методологиясы мен әдістерін негіздеу;

- қазіргі кезеңдегі Қазақстан Республикасының экономикасындағы исламдық қаржыландырудың даму тенденциялары мен нәтижелерін талдау;

- Қазақстан Республикасында исламдық қаржыландырудың дамуына кедергі болатын тосқауылдарды анықтау және олардың әлеуетті әлеуметтік әсерлерін бағалау;

- исламдық қаржы институттары мен қаржылық емес қоғамдық ұйымдар қызметінің тиімділігін, олардың елдің әлеуметтік әл-ауқатындағы рөлін бағалау;

- Қазақстан Республикасындағы исламдық қаржыландырудың әлеуметтік тиімділігін арттыру үшін қаржылық технологияларды қолдану перспективаларын негіздеу;

- Қазақстан Республикасында исламдық қаржыландырудың әлеуметтік тиімділігін іске асыруды институционалдық қолдаудың концептуалдық моделін әзірлеу.

Зерттеу әдістері. Диссертациялық зерттеу келесі сандық және сапалық әдістерді қолдану арқылы жүйелік тәсілдеме негізінде жүргізілді: жалпылау, жүйелеу, салыстыру, тарихи-логикалық әдістер – исламдық қаржыландырудың әлеуметтік құрамдас бөлігі концепциясының экономикалық мәнін зерттеу; исламдық қаржыландыруды дамытудағы шетелдік тәжірибені және әлеуметтік құралдарды пайдалануды талдау; Қазақстан Республикасының заңнамалық негіздерін талдау; исламдық қаржылық және қаржылық емес институттардың қызметін талдау; баяндау және статистикалық әдістер – исламдық қаржы жүйесін талдау; SWOT-талдау және сараптамалық бағалау әдісі – әлеуметтік мәселелерді шешуде исламдық қаржыландыруды дамытудың басым бағыттарын анықтау; қаржылық талдау – исламдық қаржыландырудың әлеуметтік тиімділігін бағалау. Статистикалық мәліметтерді өңдеу үшін SPSS және Microsoft Excel бағдарламалары қолданылды.

Зерттеу нәтижелерінің ғылыми жаңалығы. Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы келесі ғылыми нәтижелермен расталады:

- исламдық қаржының және әлеуметтік исламдық қаржының әлеуметтік функциясының ұғымдары нақтыланды және айқындалды;

- экономикалық иерархияның әртүрлі деңгейлерінде исламдық қаржының әлеуметтік тиімділігін есептеу әдісі ұсынылды;

- Қазақстан Республикасында әлеуметтік исламдық қаржының дамуына кедергі келтіретін негізгі кедергілер анықталды;

- исламдық қаржыландыру әлеуетін және әлеуетті зекеттің көлемін бағалау әдістері ұсынылды және Қазақстан Республикасы халқының әлеуметтік осал топтарының әл-ауқатына әсері анықталды;

- краудфандинг және блокчейн ақпараттық технологияларын қолдану негізінде Қазақстан Республикасында исламдық қаржының әлеуметтік тиімділігін арттыру шаралары ұсынылды;

- Қазақстан Республикасында исламдық қаржыландырудың әлеуметтік функциясын іске асыруды институционалдық қолдау бойынша ұсыныстар әзірленді.

Диссертацияның қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдары:

- шариғат қағидаттарына негізделген экономикалық қатынастар ерекше әлеуметтік және этикалық нормаларды айқындайды. Оларды ұстану, бір жағынан, қаржыны экономиканың нақты секторында экономикалық сипатына барынша жақындатуға мүмкіндік береді, ал екінші жағынан, исламдық қаржы дағдарыстық жағдайларда, және дәстүрлі қаржымен салыстырғанда әлеуметтік мәселерді шешуде бәсекелестік артықшылықтарды көрсетеді;

- айрықша исламдық әлеуметтік қаржы - зекет, уақып, исламдық микро қаржыландыру көптеген елдерде халықтың әлеуметтік мәселелерін шешуде маңызды рөл атқарады. Айрықша исламдық әлеуметтік қаржыны басқарудың институционалдық құрылымы әр елде өзгеріп отырса да, әлеуметтік бағытталған функцияларын өзгертпейді;

- исламдық қаржыландырудың әлеуметтік тиімділігін бағалау үшін экономикалық иерархияның әртүрлі деңгейлерінде критерийлерді пайдалану ұсынылады. Макроэкономикалық деңгейде исламдық инвестициялардың әлеуетті әлеуметтік әсерін өлшеуге мүмкіндік беретін АНР әдісі (иерархиялық талдау әдісі) қолданылды.

- зекеттің әлеуетті мөлшерін жинау үшін Қазақстанның нақты экономикалық көрсеткіштеріне түзетілген М.Кахф және Н.Ширазидің тәсілдерін қолдану ұсынылды. Исламдық қаржыландырудың әлеуметтік салдарының тиімділігін бағалау үшін әлеуметтік төлемдерге көзделген үнемделген мемлекеттік қаржылық ресурстар түріндегі әсерлер пайдаланылды;

- микро деңгейде мұқтаж және табысы шектеулі халықтың жинақтарын бағалау әдісі, сондай-ақ кәсіпкерлік қызмет түріндегі әлеуметтік бизнесті жүзеге асырудың әлеуметтік әсерін бағалау әдісі ұсынылды;

- сандық талдау негізінде Қазақстан Республикасындағы исламдық қаржыландыру секторының пандемия кезінде де салыстырмалы өсу қарқыны анықталды және ел тұрғындарының әлеуметтік мәселелерін шешудегі исламдық әлеуметтік қаржының әлеуеті бағаланды;

- транзакциялардың ыңғайлылығы мен ашықтығы үшін қолданылатын қаржылық технологиялар исламдық қаржылық қызметтердің әлеуметтік

функциясын жүзеге асыруды жетілдіреді. Зекет және қайырымдылық үшін краудфандингтік платформаны және платформаның интеграциялық нысандарын пайдалану тиімділігін бағалау мемлекеттік ресурстарды үнемдеу және ашықтықты қамтамасыз ету есебінен өзінің жоғары нәтижелілігін көрсетті;

- Қазақстан Республикасында әлеуметтік исламдық қаржыландыруды табысты дамыту және тиімділігін қамтамасыз ету үшін исламдық қаржыландыруды дамыту стратегиясының негізін құрайтын бірқатар заңнамалық, ұйымдастырушылық және экономикалық шараларды қоса алғанда, тиісті институционалдық қолдау қажет. Бұл стратегия тек исламдық банкингті ғана емес, сонымен қатар исламдық капитал нарығын, исламдық инвестицияны, исламдық сақтандыруды, сондай-ақ исламдық әлеуметтік қаржыландыруды, әсіресе елдегі уақып жүйесін дамытуды қамтуы қажет.

Зерттеу нәтижелерінің тәжірибелік құндылығы. Зерттеу барысында исламдық қаржыландырудың әлеуметтік тиімділігін бағалау әдістемесі туралы жаңа білімдер алынды. Диссертациялық зерттеудің нәтижелері отандық және әлемдік ғылым үшін жаңа зерттеу міндеттерін қоюға негіз бола алады. Зерттеу нәтижелері ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында исламдық институттардың қызметіне қаржы технологияларын интеграциялау жолымен исламдық қаржының әлеуметтік құралдарын дамытуға ықпал ететінін, бұл өз кезегінде әлеуметтік жобаларды қаржыландыруды ұлғайтуға және елдің әлеуметтік осал тұрғындарын мемлекеттік қамтамасыз етуге жұмсалатын шығындарды қысқартуға әкелетінін көрсетті. Диссертациялық зерттеудің нәтижелері әлеуметтік бизнестің әлеуметтік-экономикалық тиімділігін бағалау үшін пайдалы болуы мүмкін. Қорытындылар, ұсыныстар және ғылыми-практикалық ұсынымдар Қазақстан Республикасы Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі мен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі жанындағы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің стратегияларын, бағдарламаларын, тұжырымдамалары мен даму жоспарларын іске асыру, әзірлеу және жетілдіру кезінде ескерілуі және пайдаланылуы мүмкін. Жұмыста ұсынылған “Ume Social Market” әлеуметтік жобасының әлеуметтік-экономикалық тиімділігін анықтау әдістемесі “Ume Social Services” Қоғамдық қорының қызметінде қолданылды, және диссертациялық зерттеу нәтижелерін енгізу туралы актімен расталған.

Докторанттың әр жарияланымды дайындауға қосқан үлесінің сипаттамасы. Диссертацияның негізгі тұжырымдары 15 ғылыми еңбекте баяндалған, оның 3 нөлдік емес импакт-факторы бар және Scopus пен Web of Science халықаралық ақпараттық ресурстарына кіретін журналдарда, 3 ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда және 9 Халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар жинақтарында жарияланған.

“Islamic social finance: a literature review and future research directions” мақаласы исламдық қаржының әлеуметтік аспектілеріндегі ғылыми зерттеулердің негізгі бағыттарын зерттеуге, олардың рөлі мен функцияларын,

әсіресе өсіп келе жатқан әлеуметтік мәселелер тұрғысынан түсіндіруге арналған. Докторанттың үлесі исламдық әлеуметтік қаржы бағыты бойынша жүзден астам ғылыми еңбектерге шолу жасаудан тұрады.

“Investigating the customers’ drivers of Islamic credit card loyalty and word of mouth” атты, бірлескен авторлықпен дайындалған мақала исламдық несие картасын пайдалану кезінде тұтынушыларға әсер ететін негізгі факторларды зерттеуге арналған. Докторанттың мақалаға үлесі исламдық карталарды қолданудың теориялық негіздерін зерделеуден құрылады.

“Islamic finance in Kazakhstan: adaptation of foreign experience” және “Analysis of Islamic Finance development in Kazakhstan: overview and prospects” мақалалары Қазақстандағы исламдық қаржыландыруды дамытуда қолдануға қолайлы шетелдік тәжірибені зерделеуге және талдауға бағытталған. Бұл мақалалар отандық кеңесшінің ғылыми жетекшілігімен жазылған.

Пандемия кезінде исламдық қаржының әлеуметтік функциясын іске асыруға әсері мәселесін зерттеуге арналған, “Islamic Social Finance and the impact of the Covid-19 pandemic” атты мақаласына докторанттың қосқан үлесі сауалнама жүргізу және алынған нәтижелерді негіздеу болып табылады.

“Islamic Finance: Global economic benefits”, “Islamic Finance in Kazakhstan and economic growth: potential and prospects”, “Risk analysis of Murabaha financing and leasing”, “Universe of Islamic investing – capital market”, “Evaluating the effectiveness of Islamic Finance” және “The effectiveness of Islamic Finance”, “FinTech industry of the development of Islamic finance in the global economy” атты халықаралық конференция материалдарында жарияланған мақалалар отандық ғылыми кеңесшінің ғылыми жетекшілігімен жазылған.

Халықаралық конференция материалдарында жарияланған мақалалар “Alternative financing of the economy - Islamic finance in Kazakhstan” альтернативті инвестициялау көзі ретінде исламдық және дәстүрлі қаржыларды салыстырмалы талдауға арналған; және “Social responsibility and efficiency of Islamic financial institutions” атты, исламдық қаржы институттарының әлеуметтік жауапкершілігі мен қаржылық тиімділігін анықтауға бағытталған. “Econometric model of the development of Islamic finance in Kazakhstan” “Транзитті экономика” журналында жария көрген мақаланың мақсаты – елдегі исламдық қаржы дамуы мен инвестиция тәуелділігінің эконометриялық моделін құру. Бұл мақалаларды автордың өзі дайындап, жазған.

Докторанттың диссертациясында және жарияланымдарында баяндалған барлық ғылыми нәтижелерге, қойылған міндеттерге отандық және шетелдік ғылыми консультанттар э.ғ.д., профессор м.а. Р. К. Сағиева және PhD, профессор Н.Ш.Ширази ғылыми кеңес беру және диссертациялық зерттеуге жетекшілік шеңберінде автор өз бетінше қол жеткізді.